



Бекітемін:
№37 «Бәйтерек» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
Л.Е.Кенбаева
«31» тамыз 2022 жыл

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2022 – 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

«БАЛАПАН» КІШІ ТОП

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы
Тобы: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Жетілдіру</p> <p>Негізгі қозғалыстар</p> <p>Жүру. Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап. Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен бастапқы қалыпта (0,5- 1,5 метр қашықтық), доптарды домалату, доптарды бір –біріне домалату.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, Көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>Қайта құру. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін 2-4 сөз дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге өз ойын айтуға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Балалардың жастарына сәйкес шығармаларды оқу. Суреттердің мазмұны бойынша бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p>
	Сенсорика	<p>Дағдыларды қалыптасыру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Негізгі идеяларды қалыптастыру: «Мен» бейнесін, Өз есімі және жасын атау.</p> <p>Заттық әлем: Заттардың және олардың әрекеттерің атау.</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық таныту.</p> <p>Табиғат әлем. Балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>
	Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету.</p>
	Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p>

Мүсіндеу	Пәндік модельдеу: Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p>Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау.</p>

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен Жүгіру. Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Домалату, лақтыру. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 арақашықтыққадоптарды домалату, доптарды бір – біріне домалату. Еңбектеу,Өрмелеу. нысанаға дейін төрт тағандап еңбектеу. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Қайтақұру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Негізгі идеяларды қалыптастыру: Отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерің білуге және атауға үйрету. Табиғат әлем. Қоршаған орта өсімдіктеріментаныстыру.

Құрастыру	құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету; қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларын қалыптастыру. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән айту: әнді жеке және топпен айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолд алға екі қолды алға екі жаққа көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Домалату, лақтыру. Нысанаға төмен жоғары лақтыру. Еңбектеу,Өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-15сантиметр) секіру. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс атауларын білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Негізгі идеяларды қалыптастыру: Өзін айнадан фото суреттенден тану. Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әр екеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету. Адамгершілікке баулу. Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман).

	Табиғат әлемі. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуге қалыптастыру.
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, жапсыруға үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту: Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауға үйрету.

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Үйрету.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Құрсаудан –құрсауға атта өту.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап,бірінен соң бірі 20метр дейін шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен,әртүрлі тәсілдермен бастапқы қалыпта (0,5- 1,5 метр қашықтық), доптарды домалату, доптарды бір –біріне домалату.</p> <p>Еңбектеу,Өрмелеу.Шектеулі жазықтың, Көлбеу тақтайдың бойымен,доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан,нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p> <p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.</p>
	Сенсорика	<p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Негізгі идеяларды қалыптастыру: Мүмкіндігіне құрметпен қарау.</p> <p>Заттық әлем:Заттардың және олардың әрекеттерің атау.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолда</p>

	<p>Адамгершілікке баулу. Жақындарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. Табиғат әлем. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.</p>
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу: Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу.
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, доптарды, гүлдерді орналастыру.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p>

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы Қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру, қолды кеуде тұсына айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру.</p> <p>Жүру. Аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап, бірінен соң бірі 20 метр дейін шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен бастапқы қалыпта (0,5- 1,5 метр қашықтық), доптарды домалату, доптарды бір –біріне домалату.</p> <p>Еңбектеу, Өрмелеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіру.</p> <p>Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылды жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнатуға ынталандыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атауды үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
	Сенсорика	Берілген заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Негізгі идеяларды қалыптастыру: Өзінің есімін және жасын атау. Заттық әлем

	<p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған.</p> <p>Адамгершілікке баулу. Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман)</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.) таныстыру.</p>
Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Іскерліктердағдыларды қалыптастыру: Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барaban, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дауыс жеткізу.</p>

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Домалату, лақтыру. Нысанаға төмен жоғары лақтыру. Еңбектеу,Өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-15сантиметр) секіру. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (күшәқтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.

	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Негізгі идеяларды қалыптастыру: Өзінің есімін және жасын атау.</p> <p>Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған.</p> <p>Адамгершілікке баулу. Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман)</p> <p>Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p>Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p>Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас және т.б.) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p>
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	<p>Пәндік молдельдеу. Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін үйрету;</p> <p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алып, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алуды) үйрету.</p>
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.
Музыка	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;</p> <p>денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.</p>

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою, оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды артқа алдыға сермеу, саусақтарды бүгу және жазу.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету.</p>
	Сенсорика	<p>Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындау.</p> <p>Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту.</p> <p>Түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйрету.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Негізгі идеяларды қалыптастыру: Баланың жеке тұлғасына қалыптасуына ықпал ету.</p>

	<p>Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық ойын әрекеттерін қолдану.</p> <p>Адамгершілікке баулу. Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу (жақсы – жаман)</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б.</p>
Құрастыру	<p>Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.</p> <p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыру;</p> <p>Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету.</p>
Сурет салу	<p>Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуді үйрету.</p> <p>Қағаздың қасиеттерін білуді үйрету.</p> <p>Қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру.</p> <p>Түстерді ажыратуды және оларды дұрыс атауды үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Пәндік модельдеу. Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға дағдыландыру.</p>
Жапсыру	<p>Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфте геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырып жапсыруға үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.</p> <p>Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.</p>

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимылдар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Домалату, лақтыру. Нысанаға төмен жоғары лақтыру. Еңбектеу,Өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-15сантиметр) секіру. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуды үйрету. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айту, ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атауды үйрету.

Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Негізгі идеяларды қалыптастыру: Отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық ойын әрекеттерін қолдану. Адамгершілікке баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоцияналды қабылдай білуге тәрбиелеу. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету. Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Мүсіндеу	Пәндік модельдеу. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.
Музыка	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау. Ән айту Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дене жаттығулары. Негізгі қимылдар: Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Домалату, лақтыру. Нысанаға төмен жоғары лақтыру. Еңбектеу, Өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен төрттағандап еңбектеу. Секіру. Еденде жатқан секіргіштен, лентадан аттап секіруге үйрету. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамыту Сауықтыру-шынықтыру шаралары Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Өткенді қайталау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Өткенді қайталау.</p>

Көркем әдебиет	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p>Суреттердің мазмұны боыншыа қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру,шағын тақпақтарды асықпай, анық айтуға қалыптастыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Негізгі идеяларды қалыптастыру:Отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p>Заттық әлем Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық ойын әрекеттерің қолдану.</p> <p>Адамгершілікке баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоцияналды қабылдай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады және т.б.) үйрету.</p> <p>Табиғат әлемі. «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
Құрастыру	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p> <p>Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Мүсіндеу	<p>Пәндік модельдеу.Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Өткенді қайталау.</p>
Жапсыру	<p>Іскерліктер дағдыларды қалыптастыру: Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру.</p> <p>Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Музыка	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</p> <p>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.</p> <p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>

